

Республикалық лингвистикалық олимпиаданың аудандық кезеңі (2023-2024 оқу жылы)

10 қараша 2023 жыл

Бұл кезеңде сізге 3 лингвистикалық есепті шешу ұсынылады. Мұнда лингвистиканы білу қажет емес. Тапсырмаларды шешу үшін қажет ақпараттың барлығы есептердің өзінде бар. Барлығы 120 ұпай жинай аласыз, тапсырмалардың бағалануы төменде көрсетілген.

Сәттілік тілейміз!

Тапсырмалардың бағалануы

| Есеп | Ұпай | Нәтиже |
|-------------|------|--------|
| 1 | 40 | |
| 2 | 40 | |
| 3 | 40 | |
| Жалпы ұпай: | 120 | |

Лингвистикадан XXI халықаралық олимпиадасына іріктеу

KazLingO

1 Аксолотльдің үйінде

Науатль тілінің бірнеше сөзі берілген:

teotl – құдай

cuauhtl – ағаш

calli – үй

yacatl – мұрын

xolotl – тірі ағза

calotli – көше

nochtli – опунция (кактустың түрі)

chocolatl – қуырылған және ұнтақталған какао бұршақтарынан жасалатын сусын

1-тапсырма (16 ұпай). Төменде науатль тілінің тағы 9 сөзі және олардың аудармалары кездейсоқ ретпен берілген:

acalotli, acalyacatl, calyacatl, calpan, nocalhuan, nopan, nototol, xayacatl, xocolia

үйдің алды, үйде, менің үйлерім, менде, менің күркетауығым, бетперде, кеменің түмсығы, канал, ащы ету

Науатль сөздерін және олардың аудармаларын сәйкестендіріңіз. Қосымша түсініктеме қажет емес, тек жауаптар ғана бағаланады.

2-тапсырма (5 ұпай). *Teonochtitlan* топонимі сөзбе-сөз “киелі опунциялардың жері” дегенді білдіреді. *Cuauhxacatitlan* топонимі қалай аударылады?

3-тапсырма (4 ұпай). *Axolotl* сөзі науатль тілінен әлемнің көптеген тілдеріне енген (аксолотль - қосмекенділердің бір түрі). Оның бастапқы мағынасын беріңіз.

4-тапсырма (5 ұпай). *Atl* сөзі нені білдіреді?

5-тапсырма (10 ұпай). Науатль тіліне аударыңыз: жол, кеме.

△ Науатль – ацтектердің тілі, юто-ацтек тіл отбасына жатады; бұл тілде Мексика мен көрші елдерде шамамен 1,7 миллион адам сөйлейді. Одан *авокадо, гуакамол, чили, какао, шоколад, койот, оцелот* және *томат* сияқты сөздер шыққан.

c дауысты дыбыстардың алдында *к* деп оқылады, *hu* және *uh* - ағылшынша *w*, *ch* - *ч*, ал *x* - *ш* деп оқылады, *tl* - науатль тілінің ерекше дыбысы. Кейбір сөздерде *x* дыбысы *ch* дыбысына айналады.

2 Эфик-тивті

Эфик тілінде етістіктер және олардың аудармалары берілген:

- | | |
|--|---|
| 1. ásàṅà – ол серуендеп жүр | 14. èjéto – сен келесің |
| 2. èjédòk – сен қазасың | 15. ñjébě – мен (бір нәрсенің) жанынан өтемін |
| 3. éjékă – ол барады | 16. òdòrì – сен жасап жатырсың |
| 4. òtò – сен келіп жүрсің | 17. ñkéfé – мен ұштым |
| 5. ódòk – ол қазып тұр | 18. ñdòrì – мен жасап жатырмын |
| 6. ñbè – мен (бір нәрсенің) жанынан өтіп бара жатырмын | 19. éjékéré – ол ойлайды |
| 7. ókódòrì – ол жасады | 20. ñfèhè – мен жүгіріп бара жатырмын |
| 8. àkásàṅá – сен серуендедің | 21. èkébě – сен (бір нәрсенің) жанынан өттің |
| 9. èjéto – ол келеді | 22. ékèrè – ол ойлап жатыр |
| 10. àkà – сен бара жатырсың | 23. ókóbóṅ – ол сыйынды |
| 11. ñkèrè – мен ойлап жатырмын | 24. èkéfé – сен ұштың |
| 12. ókódòk – ол қазды | |
| 13. ñjésàṅá – мен серуендеймін | |

1-тапсырма (6 ұпай). Қазақ тіліне аударыңыз:

25. èfè
26. éjésàṅá
27. òdòk
28. éjéfèhé

2-тапсырма (18 ұпай). Эфик тіліне аударыңыз:

- | | |
|--------------------|----------------------------|
| 29. сен ұшасың | 34. ол барды |
| 30. сен қаздың | 35. мен жүгіремін |
| 31. ол ойлады | 36. мен ұшып бара жатырмын |
| 32. ол жасап жатыр | 37. ол сыйынады |
| 33. мен жүгірдім | |

3-тапсырма (14 ұпай). Эфик етістіктерінің құрылымын сипаттаңыз.

△ Эфик тілі Атлантика-Конго тілдерінің төменгі Кросс тармағына жатады. Бұл тілде Нигерияның Кросс-Ривер штатында шамамен 2 000 000 адам сөйлейді.

Көмекші етістіктің (тұр, отыр, жатыр, жүр) таңдалуы бұл тапсырма үшін маңызды емес.

3 Порт сөйленісі

Сөздер және олардың сәйкесінше португал және испан тілдеріне аудармалары берілген. Сондай-ақ аудармалардың әрқайсысы үшін жеңілдетілген кириллицалық транскрипция ұсынылған.

| | | | | |
|-------------|-----------|-------------------|-----------|--------------|
| [ачитуджи] | ATTITUDE | көзқарас | ACTITUD | [актиту] |
| [мохдэ] | MORDER | тістеу | MORDER | [мольдэль] |
| [молэкуләх] | MOLECULAR | молекулалық | MOLECULAR | [молекуляль] |
| [собрри] | SOBRE | үстінде | SOBRE | [собррэ] |
| [вэхджиш] | VERDES | жасыл (заттар) | VERDES | [бэльдэх] |
| [ишфэра] | ESFERA | сфера | ESFERA | [эхфэра] |
| [ка́хуш] | CARROS | автомобильдер | CARROS | [ка́ррох] |
| [ишпэра́] | ESPERAR | күту | ESPERAR | [эхпэра́ль] |
| [дóзи] | DOZE | он екі | DOCE | [дóсэ] |
| [ка́заш] | CASAS | үйлер | CASAS | [ка́сах] |
| [шофэх] | CHOFER | жүргізуші | CHOFER | [чофэль] |
| [хи́ку] | RICO | бай | RICO | [рри́ко] |
| [дэсиджі́] | DECIDIR | шешу | DECIDIR | [дэсиди́ль] |
| [хаджика́у] | RADICAL | радикалдық | RADICAL | [ррадика́ль] |
| [зонаш] | ZONAS | аймақтар | ZONAS | [со́нах] |

1-тапсырма (18 ұпай). Сәйкесінше португал және испан тілінде берілген келесі сөздердің транскрипцияларын жазыңыз:

| | | |
|--------------|-------------------|--------------|
| VERDADE | ақиқат | VERDAD |
| COR | түс | COLOR |
| ESPOSA | жұбай | ESPOSA |
| ALTERNATIVAS | баламалар | ALTERNATIVAS |
| RURAL | ауылдық | RURAL |
| CHOCAR | соқтығу | CHOCAR |
| TRISTES | қайғылы (адамдар) | TRISTES |
| TRISTEZA | қайғы | TRISTEZA |
| ESCOLAR | мектеп | ESCOLAR |

2-тапсырма (22 ұпай). Жауаптарыңызды негіздеңіз: транскрипцияларды жазу үшін керекті барлық заңдылықтарды жазып шығыңыз.

△ Португал және испан тілдері — Пиреней түбегінен шыққан бір-біріне жақын роман тілдері, ал қазір бұл тілдерде әлемнің әртүрлі елдерінде жүздеген миллион адам сөйлейді.

Есепте португал тілі үшін Рио-де-Жанейро диалекті, ал испан тілі үшін Пуэрто-Рико диалекті қолданылған. Бұл диалектілер көршілес аймақтардың басқа португал және испан диалектілерінен айтарлықтай ерекшеленеді, өйткені Пуэрто-Рико да, Рио-де-Жанейрода да порт бар. Порттың сауда орталығы ретінде бар болуы диалектілердің бүгінгі түріне әсер етті.